Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2026 жылғы 21 мамыр №7119-26-00-2/4646 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.К.Кошенов, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің "Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Марден» шаруа қожалығының жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Марденов Айдинбек Бастамбекович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысуше деп тану

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің "Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен жауапкер «Марден» шаруа қожалығының жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Марденов Айдинбек Бастамбековичті мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысуше деп тану туралы арыз - қанағаттандырылсын.

Жауапрке «Марден» шаруа қожалығының жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Марденов Айдинбек Бастамбекович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере

Документ подписан: Жетибаев Ж. К., 21.05.2026
Дата вступления в законную силу: 29.06.2026, судья Кошенов А. К., 02.07.2026
7119-26-3-1/4485

отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья А.К.Кошенов

Документ подписан: Жетибаев Ж. К., 21.05.2026

Дата вступления в законную силу: 29.06.2026, судья Кошенов А. К., 02.07.2026

7119-26-3-1/4485